

**"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 154 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 344 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 желтоқсанда N 3514 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2016 жылғы 28 қазандағы № 31 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 28.10.2016 № 31 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 154 шешіміне шешімін ( Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 4 ақпандағы № 2543 болып тіркелген, 2014 жылғы 21 ақпанда "Тайынша таңы" аудандық газетінде, 2014 жылғы 21 ақпанда "Тайыншинские вести" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің преамбуласы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 3-тармағы 5) тармақшасына, "Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 704 Жарлығына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты **ШЕШТІ**:".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы  
мәслихатының XLIII-ші  
сессиясының төрағасы*

*Р. Бәтенов*

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы*

*Қ. Шәріпов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК